

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы №715 қаулысымен бекітілген

Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемемен басқару құқығына аттестаттау қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемемен басқару құқығына аттестаттау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы және «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі заңдарына сәйкес қабылданған аттестаттау жүргізудің және мен шағын көлемді кемемен басқару құқығына куәліктер берудің тәртібін, шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстады тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Аттестаттау кезінде теориялық білімі мен шағын көлемді кемемен басқарудың практикалық дағдыларын тексеру, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары емтихан комиссияларының (бұдан әрі – Комитеттің аумақтық органдары) емтихан алуы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша кеме жүргізушілерге шағын көлемді кемемен басқару құқығына куәлік (бұдан әрі – куәліктер) беріледі.

3. Кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемелерді басқару құқығына аттестаттауға жасы он сегізге толған, шағын көлемді кемелерді басқаруға денсаулығының жай-күйі бойынша жарамды деп танылған, шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі үлгі бағдарламадан төмен емес шағын көлемді кемемен басқару бойынша теориялық және практикалық арнайы дайындығы бар адамдар жіберіледі.

4. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстардың ұйымдық-құқықтық нысандары мен меншік нысандарына қарамастан, олар Комитеттің аумақтық органдарында есепке алынуы тиіс.

2. Емтихан комиссияларын құру және олардың жұмысын ұйымдастыру тәртібі

5. Қазақстан Республикасының әрбір өңірі үшін емтихан комиссияларының құрамы мен олардың жұмыс тәртібі Комитеттің аумақтық органы басшысының бұйрығымен айқындалады.

Емтихан комиссияларының төрағалары болып Комитеттің аумақтық органдары басшыларының орынбасарлары тағайындалады.

6. Емтихан комиссияларының құрамына Комитеттің аумақтық органдарының қызметкерлері, жоғары немесе орта арнайы білімі бар су көлігінің мамандары және тәжірибелі кеме жүргізуші-практиктер, сондай-ақ қызмет бабына сәйкес су қоймаларында құқықтық тәртіпті жүзеге асыратын, су қорғау және балық қорғау талаптарын сақтауға бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

7. Әрбір кезекті отырысқа емтихан комиссиясының сандық және дербес құрамын алдағы жұмыстың көлемін негізге ала отырып, бірақ үш адамнан кем емес құрамда оның төрағасы белгілейді.

8. Шағын көлемді кемелердің жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстардың оқытушылары өздері сабақ берген топтардың түлектерінен емтихан алу жөніндегі емтихан комиссиясының құрамына енгізілмейді.

9. Емтихан билеттері мен тестілік бағдарламаны осы Қағиданың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) бекітеді.

3. Емтихан тапсыруға жіберу тәртібі

10. Аттестатталушыларды шағын көлемді кемемені басқару құқығына емтихан тапсыруға жіберу үшін емтихан комиссиясына мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес кеме жүргізушінің жеке карточкасының бланкісіндесі өтініш;
- 2) саластырып тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, дипломның (куәліктің) көшірмесіне кеме жүргізуші мамандығы бойынша оқу орнын бітіргені туралы дипломның (куәліктің) нотариалды куәландырылған көшірмесі не шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарын бітіргені туралы анықтама;
- 3) аттестатталушының тұрғылықты мекенжайы бойынша денсаулық сақтау мекемелері беретін медициналық анықтама (№ 083/у нысаны);
- 4) 3 x 4 сантиметр мөлшеріндегі екі фотосурет;
- 5) аттестатталушы адамның жеке басын куәландыратын құжат (емтихан тапсыратын күні көрсетіледі).

Комитеттің аумақтық органдарының есебінде тұрмайтын шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды бітіргені туралы құжаттар қабылданбайды.

11. Шағын көлемді кемемені басқару құқығына куәліктен айыру мерзімі аяқталғаннан кейін аттестатталушы тұлға осы Қағиданың 10-тармағына көзделген құжаттарды тапсыра отырып, теориялық дайындық бойынша емтихандар тапсырады.

12. Талап етілетін құжаттарды толық көлемде тапсырмаған аттестатталушы тұлға емтихан тапсыруға жіберілмейді.

13. Аттестатталушы адамды шағын көлемді кемемені басқару құқығына емтихан тапсыруға (осы Қағиданың 22-тармағында көзделген мән-жайларға байланысты сұхбаттасуға) жіберуді емтихан комиссиясының төрағасы осы Қағиданың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды тексергеннен кейін жүргізеді.

14. Аттестатталушы адамды емтихан тапсыруға жіберу туралы қабылданған шешім кеме жүргізушісіне оған емтихан комиссиясы отырысының орнын, күні мен уақытын хабарланып, жеке карточкасының бланкісінде жазбаша ресімделеді.

Емтихан тапсыруға жіберуден бас тартылған жағдайда тапсырылған сәттен бастап он жұмыс күн ішінде кеме жүргізушісінің жеке карточкасы бас тарту себептері көрсетіліп, ұсынылған құжат кеме жүргізушіге қайтарылады.

15. Аттестатталушы адамның емтихан тапсыруға рұқсат беруден бас тарту себептерімен келіспегені туралы түскен өтінішін Комитеттің аумақтық органының басшысы олар түскен күннен бастап он жұмыс күн ішінде қарайды.

4. Емтихандарды өткізу

16. Емтихан комиссиясының хатшысы емтихан тапсыратын адамның жеке басын куәландыратын құжаты негізінде оған емтихан тапсыруға (сұхбаттасуға) жіберу туралы белгісі бар кеме жүргізушінің жеке карточкасын береді, осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес тегін, атын, әкесінің атын жазады және емтихан тапсыру (сұхбаттасу) тәртібін түсіндіреді.

17. Шағын көлемді кемені басқару құқығына емтихандар осы Қағиданың 5-бөлімінде көзделген тәртіппен тиісті жүзу ауданы үшін кеме жүргізу бойынша шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлаудың үлгі бағдарламасының көлемінде және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ішкі су жолдарында жүзу қағидасы, Шағын көлемді кемелерді және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасы бойынша, сондай-ақ кейіннен шағын көлемді кеменің тиісті үлгісін практикалық басқару дағдыларын тексере отырып, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қоса алғанда, кеме мен қозғалтқышты орналастыру және техникалық пайдалану бойынша тапсырылады.

18. Емтихан билеттері сұрақнамаларды қолданумен тест немесе компьютерде тестілеу үшін тестілік бағдарлама нысанында құрастырылады. Шағын көлемді кемені басқару құқығына емтихан тапсыру нысандарын аттестатталушы адам таңдайды.

19. Білімді бағалау сынақ жүйесі бойынша жүргізіледі.

Емтихан нәтижелері кеме жүргізушінің жеке карточкасында емтихан алушылардың тиісті жазбасымен ресімделеді («сынақтан өтті» немесе «сынақтан өткен жоқ»).

20. «Сынақтан өткен жоқ» дегенді алған, яғни тестілеу кезінде сексен пайыздан кем дұрыс жауап берген адамдар емтихандарды қайта тапсыруға кемінде жеті жұмыс күні өткеннен кейін жіберіледі.

21. Кеме жүргізушілер курсы бітіргеннен кейін он екі ай ішінде теориялық емтихандарды тапсырмаған немесе он екі ай ішінде теориялық және практикалық емтихандарды үш реттен артық тапсырмаған адамдар оқыту курсы қайтадан жалпы негізде өтеді.

22. Осы Қағиданың 10-тармағында көрсетілген құжаттардың құрамында кеме жүргізуші лауазымдарына орналасуға құқық беретін дипломдарын (куәліктерін), сондай-ақ яхта капитандарының дипломдарын, яхта рульдеушісінің куәлігін, ұлттық немесе халықаралық кеме жүргізуші құжаттарын ұсынған адамдар тиісінше өздігінен жүретін шағын көлемді кемені басқару құқығына емтихан тапсырудан босатылады. Бұл адамдарға куәлік беру олармен емтихан комиссиясының отырысында шағын көлемді кемелерді пайдалану Қағидалары талаптарының көлемінде сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Сұхбаттасу емтихан комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және жеке карточкаға тиісті жазба жазылады.

23. Кеме жүргізушілерінің жеке карточкалары емтихан (сұхбаттасу) нәтижелерімен бірге емтихан комиссиясының хатшысына тапсырылады.

24. Емтихан комиссиясының отырысы аяқталғаннан кейін хаттамаға емтихан комиссиясының барлық мүшелері қол қояды. Хаттамада түзетулерге жол берілмейді.

25. Емтихан комиссиясының хатшысы емтихан тапсырудың нәтижелерін ресімдегеннен кейін шағын көлемді кемені басқарудың практикалық дағдыларын тексеруді жүргізудің шарттары және куәлікті алу тәртібі туралы, ал қажет болған жағдайда емтихандарды қайта тапсыру және апелляциялық арыз беру тәртібі туралы мәліметтерді ақпараттық стендіге орналастыру жолымен хабардар етеді.

26. Білімін бағалау нәтижесімен келіспеген жағдайда аттестатталушы адам уәкілетті органға шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі аттестаттауды жүргізудің белгіленген тәртібін бұзу және (немесе) шағын көлемді кеменің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі аттестаттаудың нәтижелерімен келіспейтіні туралы жазбаша апелляциялық арыз (бұдан әрі – апелляция) бере алады.

27. Апелляция уәкілетті органға түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.
28. Аттестатталушы тұлға апелляцияны емтихан бойынша баға жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күні береді. Бұл ретте аттестатталушы адамның нәтижелер жарияланған күні өзінің емтихан жұмысымен танысуына болады.
29. Апелляцияны қарау кезінде уәкілетті орган жұмыс мазмұнына және емтихан комиссиясының оны дұрыс бағалағанына талдау жүргізеді.
30. Апелляцияны қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган емтихан комиссиясы бағасының тестілеу нәтижелеріне сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешім шығарады.
31. Аттестатталушы адамның өтінішін қанағаттандырудан бас тарту не бағасын өзгерту туралы шешім аттестатталушы адамға және емтихан комиссиясының төрағасына жіберіледі.
32. Уәкілетті органның шешіміне сәйкес емтихан комиссиясы бағаны хаттамаға және аттестатталушы адамның кеме жүргізушінің жеке карточкасына жазады.
33. Хаттамамен ресімделген шешімді емтихан комиссиясының хатшысы аттестатталушы адамның назарына жеткізеді. Көрсетілген шешіммен танысу фактісі аттестатталушы адамның қолтаңбасымен куәландырылады. Емтихан комиссиясының хатшысы аттестатталушы адамға шағын көлемді кемені басқарудың практикалық дағдыларын тексеру жүргізудің шарттары және куәлікті алу тәртібі туралы хабарлайды.
34. Емтихан хаттамалары, медициналық анықтамалар, кеме жүргізушілердің жеке карточкалары Комитеттің аумақтық органдарында сақталады.
5. Шағын көлемді кемелерді басқару дағдыларын тексеру
35. Шағын көлемді кемені басқарудың практикалық дағдыларын тексеруді (бұдан әрі – басқару дағдыларын тексеру) кеме жүргізуші жеке куәлігін көрсеткеннен кейін Комитеттің аумақтық органының қызметкері жүргізеді.
36. Басқару дағдылары хаттамада көрсетілген кеме түрін пайдалана отырып, шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлаудың үлгілік бағдарламасы көлемінде тексеріледі.
37. Басқару дағдыларын тексеруді навигация кезеңінде су көлігінде бақылауды жүзеге асыратын Комитеттің аумақтық органының қызметкері жүргізеді.
38. Басқару дағдыларын тексеруді жүргізетін Комитеттің аумақтық органының қызметкері:
- 1) пайдаланылатын кеменің (кемелердің) дұрыстығы мен құтқарушы құралдармен жасақталуын тексереді;
 - 2) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлаудың үлгілік бағдарламасы шеңберінде емтихан тапсырушыға нұсқау және нақты тапсырма береді;
 - 3) емтихан тапсырушы алған тапсырманы орындауы кезінде кеме бортында оның қасында болады және емтихан тапсырушының іс-әрекетінің (маневр жасау, басқару, механизмдер мен жабдықтарды пайдалану) дұрыстығын қадағалайды;
 - 4) қажет болған жағдайда (кеме жүргізуде өрескел қателіктер, белгіленген қағидалар мен талаптарды бұзу) емтихан тапсырушыны шағын көлемді кемені басқарудан шеттетеді.
6. Шағын көлемді кемелерді басқару құқығына арналған куәліктерді ресімдеу және беру

39. Теориялық емтихандарды және кеме жүргізу дағдылары бойынша практикалық емтихандарды жақсы тапсырған емтихан тапсырушыларға осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес кейіннен ауыстыруға болатын он жыл мерзімге куәліктер беріледі. Емтихан комиссиясы отырысының хаттамасында, кеме жүргізушінің куәлігі мен жеке карточкасында кеме жүргізушіге басқаруға рұқсат етілетін шағын көлемді кемелердің түрлері (қозғалтқыштың қуаттылығы, желкендердің ауданы, жүзу ауданы) туралы тиісті белгілер жасалады.

40. Өздігінен жүзетін шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілеріне 3,68 киловатт қозғалтқышы бар жоғары қуаты шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәліктер беріледі.

41. Желкенді кеме басқару құқығы туралы белгі куәлікке кеме жүргізуші мынадай біліктілік құжаттарын:

1) желкеннің ауданы 60 және одан көп шаршы метр болатын кеме басқару үшін яхта капитанының дипломын;

2) желкеннің ауданы 60 шаршы метрге дейін болатын кеме басқару үшін 1-сыныпты яхта рульдеушісі куәлігін;

3) желкеннің ауданы 22 шаршы метрге дейін болатын кеме басқару үшін 1-сыныпты яхта рульдеушісі куәлігін;

4) желкеннің ауданы 12 және одан көп шаршы метр болатын кеме басқаруға 3-сыныпты яхта рульдеушісі куәлігін көрсеткен кезде қойылады.

42. Кеме жүргізушіге басқаруға рұқсат етілген қозғалтқыштың қуаты куәлігіне мынадай тәртіппен:

1) шағын көлемді кеме басқаруда практикалық дағдысы жоқ кеме жүргізушіге (курстық желіде практикалық жүргізуден басқа) қозғалтқыш қуаттылығы 25 ат күші жазылады;

2) шағын көлемді кемеге жеке меншік құқығы жоқ, бірақ шағын көлемді кеме пайдалану құқығына сенімхаты бар кеме жүргізушіге кеме жүргізуші кеме пайдалану тәжірибесі бар кемеге орнатылған қозғалтқыштың қуаты жазылады;

3) шағын көлемді кемеге жеке меншік құқығы бар кеме жүргізушіге, оның кемесіне орнатылған, бірақ курстық торапта практикалық жүргізу жүзеге асырылатын кеме қозғалтқыш қуатынан кем емес қозғалтқыш қуаты көрсетіледі;

4) қозғалтқыштың қуатын ұлғайту туралы келесі жазулар (егер ол қажет болса)

қадағалаушылықпен айқындалатын қуат қатарының шегінде кемінде бір навигация мерзімінде жүргізіледі.

Бұл ретте кеме жүргізуші үміттеніп отырған қозғалтқыш қуаты бар шағын көлемді кеме басқару бойынша дағдыларды тексеру жүргізіледі.

43. Желкеннің рұқсат етілген көлемі туралы жазба осы Қағиданың 42-тармағына сәйкес осындай тәртіппен 5,4 шаршы метрден бастап жүргізіледі.

44. Жүзуге рұқсат етілген аудан туралы мынадай белгілер:

1) «ТЖ» – егер кеме жүргізуші Теңізде кемелердің соқтығысуынан сақтандырудың халықаралық қағидалары туралы 1972 жылғы Лондон Конвенциясы қабылдаған Теңізде кемелердің соқтығысуынан сақтандырудың халықаралық қағидалары қолданылатын Қазақстан

Республикасының теңіз жағалауындағы суларда кеме басқару құқығына емтихан тапсырса (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 наурыздағы № 244 қаулысы);

2) «ІСЖ» – егер кеме жүргізуші Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан

Республикасының Ішкі су жолдары бойынша жүзу қағидасы қолданылатын ішкі су жолдарында кеме мені басқару құқығына емтихан тапсырса;

3) «ТЖ» және «ІСЖ» – егер кеме жүргізуші Қазақстан Республикасының теңіз жағалауындағы суларда және ішкі су жолдарында кеме басқару құқығына емтихан тапсырса;

4) «ІСЖӨ» (өзен учаскелері үшін) және «ІСЖК» (көл учаскелері үшін) – егер кеме жүргізуші Қазақстан Республикасында кеме қатынасы үшін ашық ішкі су жолдарының тізбесіне енгізілмеген ішкі су қоймаларында ғана шағын көлемді кеме мені басқару құқығына емтихан тапсырса қойылады.

45. Егер кеме жүргізуші теңізде жүзу мақсатында пайдаланылатын он екіден астам жолаушы таситын серуендік кеме мені басқару құқығына емтихан тапсырса, рұқсат ететін белгілер «ТЖ» және «Катер» жолдарына қойылады. Бұл ретте куәліктің осы бетінің төменгі жағына «Ерекше белгілер» бөліміне, емтихан комиссиясы отырысының хаттамасына және кеме жүргізушінің жеке карточкасына осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес «Теңізде серуендеу кемесі» деген мәртабан қойылады.

46. Куәлікке енгізілген жүзу ауданын және (немесе) кеме түрін өзгерту тиісті жүзу ауданына және шағын көлемді кеме түріне арналған теориялық және практикалық дағдылар бойынша емтихан тапсырғаннан кейін кеме жүргізушінің жазбаша арызы бойынша жүргізіледі. Мұндай жағдайларда шағын көлемді кеме мені басқару құқығына жаңа куәлік беріледі, ал бұрынғы куәлік кеме жүргізушіден қайтарылып алынады, оның өтелуі туралы белгі қойылады және бір жылдан кейін жойылады.

47. Куәлік бланкісі хаттаманың негізінде толтырылады, оған Комитеттің аумақтық органының басшысы қол қояды және мөрмен куәландырылады. Ресімделген куәлік емтихан хаттамаларын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде кеме жүргізушіге беріледі.

48. Ресімделген куәлікті беру осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес Комитеттің аумақтық органында жүргізілетін куәліктер беруді тіркеу журналына кеме жүргізушінің жеке қолтаңбасы қойылып жүргізіледі.

49. Куәліктің пайдалану мерзімі өткеннен кейін кеме жүргізуші жаңа куәлік алу үшін Комитеттің аумақтық органына мынадай құжаттарды тапсырады:

1) белгіленген үлгідегі арыз;

2) бұрын берілген куәлік;

3) тұтынушының тұрғылықты мекенжайы бойынша денсаулық сақтау мекемелері беретін медициналық анықтама (№ 083/у нысаны);

4) мөлшері 3x4 сантиметр екі фотосурет;

5) кеме жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты (көрсетеді).

Жаңа куәлікті ауыстыру құжаттарды берген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бұрын берілген куәлік кеме жүргізушіден қайтарылып алынады және бір жылдан кейін жойылады.

50. Жоғалған куәлікті қайтадан қалпына келтіру кеме жүргізушінің жазбаша өтініші және хаттама мен куәліктер беруді тіркеу журналындағы деректерге сәйкес тексеру негізінде жүргізіледі.

Жоғалғанның орнына берілген куәлікке «Телнұсқа» деген белгі қойылады, ал кеме жүргізушінің жеке карточкасы мен куәліктер беруді тіркеу журналына оның сериясы мен нөмірін көрсете отырып, куәліктің телнұсқасы берілгені туралы жазба жазылады.

7. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды тіркеу тәртібі

51. Комитеттің аумақтық органдары ведомстволық бағыныстағы аумақта шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстардың (бұдан әрі – курстар) оқу ұйымдарын тіркеуді жүзеге асырады, кеме жүргізушілерді аттестаттауды жүргізу барысында даярлау және қайта даярлау сапасын айқындайды.

52. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу бағдарламасы (бұдан әрі – оқу бағдарламасы) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды тіркеу кезінде Комитеттің аумақтық органының басшысымен келісіледі.

53. Оқу бағдарламасын шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымы осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлаудың үлгілік бағдарламасының негізінде әзірлейді.

54. Курстарды тіркеу Комитеттің аумақтық органына шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды ұйымдастырушылардың өтініші бойынша мынадай құжаттарды ұсыну арқылы жүргізіледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі (жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін қайтарылады;

2) оқытушылар құрамының су көлігі мамандығы бойынша жоғары немесе орта техникалық білімі дипломдарының түпнұсқалары және көшірмелері немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері. Құжаттардың түпнұсқалары тексерілгеннен кейін қайтарылады;

3) Комитеттің аумақтық органында келісілген шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу бағдарламасы;

4) оқу үдерісін ұйымдастыру үшін меншік құқығындағы немесе жалға алынған үй-жайдың бар екендігін растайтын құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін қайтарылады.

55. Оқу бағдарламасын келісу мен курстарды тіркеу Комитеттің аумақтық органына өтініш берген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

56. Комитеттің аумақтық органында шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды жабу оқу ұйымы басшысының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

57. Оқу ұйымының басшысы шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуы туралы Комитеттің аумақтық органына жыл сайын хабарлайды. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстардың қызмет етуі туралы ақпарат бір жыл ішінде (мерзімі курстар ашылған күннен бастап есептеледі) берілмеген жағдайда бұл курстар есептен шығарылады.

58. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды Комитеттің аумақтық органының есебінен шығарғаннан кейін курстарды бітіргені туралы куәліктер (анықтамалар) курстарды жапқан кезеңнен бастап жарамсыз деп есептеледі.

8. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру

59. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау бойынша оқыту бағдарламасын меңгерген адамдар оқу ұйымдарында оқытудың толық курсы көлемінде қорытынды емтиханнан өтеді.

60. Жүргізілген емтихан қорытындылары бойынша курс тыңдаушылары оқытқан ұйымның атауы,

сағатпен көлемі және меңгерген пәндері бойынша сынағы көрсетілген шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерінің курстарын бітіргені туралы куәлік (анықтама) алады. Емтихан тапсыру қорытындылары емтихан ведомосінде ресімделеді. Куәлік (анықтама) оқу ұйымы басшысының қолымен, оқу ұйымының мөрімен куәландырылады.

9. Оқу үдерісін ұйымдастыру

61. Оқу ұйымы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде бағалау жүйесін, оқыту нысанын (күндізгі немесе қашықтан) таңдауды, кадрларды іріктеуді, орналастыруды, қаржылық, шаруашылық және өзге де қызметтерді дербес жүргізеді.

62. Әрбір пән бойынша теориялық сабақтар шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасын негізге ала отырып жоспарланады.

63. Теориялық сабақтар арнайы жабдықталған сыныптарда (кабинеттерде) өткізіледі.

64. Меңгерілген оқу материалдарының сапасын және әрбір оқушы мен тұтастай алғанда оқу тобының білімін бағалау үшін оқу ұйымында кеме жүргізу бойынша қорытынды теориялық емтихандар мен сынақ жүргізіледі. Барлық өткен оқу пәндері бойынша жақсы баға алған тұлғалар Комитеттің аумақтық органдарына аттестаттауға жіберіледі.

65. Теориялық емтихан тапсыра алмаған оқушылар практикалық кеме жүргізу бойынша сынақты тапсыруға жіберілмейді.

66. Қорытынды емтихан тапсырған адамдарға шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерінің курстарын бітіргені туралы куәлік (анықтама) беріледі.

67. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курсты бітіргені туралы куәлік (анықтама) шағын көлемді кемелерді басқару құқығын беретін құжаттар болып табылмайды және шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлік алуға аттестаттаудан өту үшін Комитеттің аумақтық органдарына беріледі.

10. Оқу-материалдық база

68. Оқу ұйымдарында оқу жоспарларын, бағдарламаларды іске асыру және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау мен қайта даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқуды оқу сыныптарында (кабинеттерінде), оқытудың техникалық құралдары, оқыту және көрнекі құралдардың көмегімен жүргізеді.

69. Тақырыптарды зерделеген кезде плакаттар, макеттер, бейне техника қолданылады.

11. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлаудың үлгілік бағдарламасы

70. Нақты бағдарламаларды, тақырыптық және жұмыс жоспарларын жасау кезінде әзірлеушілер топ дайындалатын кемелердің үлгісіне бағдарланады.

71. Шағын көлемді кемені басқарудың практикалық дағдысын пысықтауға бөлінетін сағат санын оқу ұйымы оқушының шағын көлемді кемені басқаруға жеке дайындығына байланысты белгілейді.

Оқу нәтижесінде кеме жүргізушісі мынадай пәндер бойынша білім алады:

- 1) шағын көлемді кемелердің жіктелуі және кеме теориясының негіздері;
- 2) кеменің құрылысы;
- 3) шағын көлемді кемелерді пайдалану, олардың теңізде жүзу қабілеті және маневрлік қасиеттері;
- 4) кемедегі құрылғылар, жүйелер және жабдықтар (құтқару, сигнал беру және өртке қарсы құралдар);

- 5) кемелерге қызмет көрсету мен оларды жөндеу (такелаждық және сырлау жұмыстары);
- 6) іштен жанатын қозғалтқыштардың сыныпталуы (қысқаша техникалық сипаттамасы, шағын көлемді кемелерде қолданылуы);
- 7) шағын көлемді кемелердің қозғалтқыштары, сыныпталуы мен қағидаттық құрылысы;
- 8) шағын көлемді кемелердің қозғалтқыштарына қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік шаралары;
- 9) шағын көлемді кемелердің сыныпталуы, құрылысы және желкенді жабдықтары;
- 10) желкенді кемені басқару техникасының негізі, оған қызмет көрсету және жүзудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 11) шағын көлемді кемелердің электр жабдықтары;
- 12) су жолдарының жалпы сипаттамасы мен оған қысқаша шолу;
- 13) гидрометеорологияның негіздері, ішкі кеме жүзу жолдарының лоциялары;
- 14) ішкі су жолдары бойынша жүзу қағидасы;
- 15) теңіз навигациясының негіздері мен теңіздердің лоциясы, теңіздердің навигациялық жабдықтарының құралдары (НЖҚ);
- 16) кемелердің теңізде соқтығысуынан сақтандырудың халықаралық қағидалары;
- 17) шағын көлемді кемелерді әртүрлі жағдайларда жүргізудің әдістері мен күрделі гидрометеорологиялық жағдайларда жүзу кезінде басқару ерекшеліктері;
- 18) алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсетудің негіздері.

72. Осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес үлгілік бағдарламада шағын көлемді кемелердің жүзу аудандары бойынша оқу сағаттары көрсетілген.

Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидасына 1-қосымша

Фотоға
арналған орын
М.О.

Кеме жүргізушінің жеке карточкасы

Емтихан комиссиясының төрағасы

(ҚР ККМ Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органы басшысының лауазымы)

_____ облысы (қаласы) бойынша

(Т.А.Ә. туған жылы, үйінің мекенжайы)

Өтініш

Сізден мені

_____ ауданында

(шағын көлемді кеменің үлгісін (үлгілерін): катер, мотоқайық, желкенді, гидроцикл)
басқару құқығына емтихан тапсыруға жіберуіңізді өтінемін

(жүзу ауданын (аудандарын): ТЖ, ІСЖ, ІСЖӨ және ІСЖК)

Құжаттарды ұсынамын:

1.

(оқығаны туралы құжаттың атауы, кім бергені, нөмірі және берілген күні)

2. _____

(шағын көлемді кемені басқаруға жарамдылығы туралы медициналық анықтама, нөмірі, берілген күні, медициналық мекеменің атауы)

3. _____

(3x4 фотосурет – 2 дана, басқа құжаттар – атауы мен берілген күні)

4. _____

(басқа құжаттар, көрсету)

Жүзе білемін / білмеймін _____

Ұсынылды _____

(паспорт, жеке куәлік, тұруға ыхтиярхат, сериясы, нөмірі, берілген күні, кім берген, тіркеу – комиссия хатшысы емтихан күні толтырады)

Мекенжайы, байланыс телефондары (факс) _____

« ____ » _____ 20 ____ ж. _____

(өтініш берушінің қолы)

Емтиханға жіберу туралы шешім _____

(комиссия төрағасы ресімдейді, күні, қолы; бас тартқан жағдайда – негіздемесі, күні, қолы)

Емтиханның нәтижелері

Пәннің және жүзу ауданының атауы Білімді бағалау (сынақтан өтті, сынақтан өткен жоқ) Емтихан қабылдау күні Емтихан алушының қолы Ескертпе

1 2 3 4 5

Кеме жүргізу мен шағын өлшемді кемелерді пайдалану қағидалары

ТЖтеңіздердіңаумақтықжәнеішкісулары

ІСЖкемежүретінішкісужолдары

ІСЖӨжәнеІСЖКҚазақстанРеспубликасыныңкемеқатынасыүшінашылғанішкісужолдарыныңтізбесінеенгізілмегенішкісутоғандары

ТЖ және ІСЖ теңіздердің аумақтық ішкі сулары және кеме жүретін ішкі су жолдары

Емтихан комиссиясы отырысының 20 ____ ж. « ____ » _____ № ____ хаттамасы негізінде

(кеме жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты)

(кеме (кемелер) үлгісі, желкен ауданы)

басқару құқығына сериясы « ____ » № ____ куәлік берілді

Жүзу ауданы (аудандары) _____

Емтихан комиссиясының төрағасы _____

(Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органы басшысының лауазымы)

20 ____ ж. « ____ » _____

(комиссия төрағасының қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.

Кеме басқарудың практикалық дағдылары _____ тексерілді

(кеме үлгісі)

(тексеру күні) (басқару дағдысын тексерген адамның лауазымы,

тегі, аты, әкесінің аты және қолы)

20 ____ ж. « ____ » _____

(Комитеттің аумақтық органы (тегі, аты, әкесінің аты)

басшысының қолы) Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемемені басқару құқығына аттестаттау қағидасына 2-қосымша

Емтихан комиссиясының 20 ____ ж. « ____ » _____

№ ____ хаттамасы

(Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің

Көліктік бақылау комитеті аумақтық органының атауы)

Төраға _____ Хатшы _____

Комиссия мүшелері _____

Жұмыстың басталуы __ сағ. __ мин. Жұмыстың аяқталуы __ сағ. __ мин.

Р/с

№ Тегі, аты, әкесінің аты Туылған күні Емтихан жұмысының
түрі Емтихан нәтижесі тәсілденуі Берілді
Жүзу ауданы Кеменің үлгісі

Төраға _____

Комиссия мүшелері _____

М.О. Хатшы _____

_____ Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемемен басқару құқығына аттестаттау
қағидасына 3-қосымша

Шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлік
Удостоверение на право управления маломерным судном
(алдыңғы беті) (артқы беті)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

Шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлік

Удостоверение на право управления маломерным судном

Фотосуретке арналған орын

Место для фотографии

Тегі/Фамилия

Аты/Имя

Әкесінің аты/Отчество

Туған жылы/ай/күні

Дат/арождения

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облысы қаласы бойынша аумақтық органы бақылау инспекциясы берді. Выдан от территориального органа Комитета транспорта и коммуникаций Республики Казахстан

Лауазымды тұлғаның қолы/подпись/должностного лица

жг

ай/месяц

МО

МП

№серия

ҚАЗАҚСТАН

КАЗАХСТАН

Басқаруға рұқсат берілген кемелердің санаты/
Категория судов, которыми разрешено управлять Рұқсат беретін белгілер/

Разрешающие отметки

гидроцикл/ гидроцикл

мотоқайық/ мотолодка

катер/ катер

Желкендердің ауданы желкенді кемелер үшін
сплощадью

парусов до 12 ш/м (кв.м) дейін

до 22 ш/м (кв.м) дейін

до 60 ш/м (кв.м) дейін

более 60 ш/м (кв.м) артық

Жүзу үшін рұқсат етілген аудан Разрешенный для плавания район ТЖ/МП

ІСЖ/ВВП

ІСЖӨ/ВВПР және/ и ІСЖҚ/ВВПО

ТЖ/МП және/ и ІСЖ/ВВП

Айрықша белгілер/ Особые отметки

№ серия

Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемемені басқару құқығына аттестаттау қағидасына 4-қосымша

Мөртабан үлгісі

«55 кВт және одан да артық теңізде серуендеу кемесі»

55 кВт және одан да артық

теңізде серуендеу кемесі

Мөртабан ұзындығы – 17 мм.

Мөртабан ені – 7 мм.

Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидасына 5-қосымша
Шағын көлемді кемені басқару құқығына куәліктер беруді есепке алу журналының нысаны

| № | Құжаттың атауы | Құжаттың сериясы және нөмірі | Тегі аты әкесінің аты | Туылған күні | Үйме |
|---|----------------|------------------------------|-----------------------|--------------|------|
|---|----------------|------------------------------|-----------------------|--------------|------|

кенжай Хаттама Берілді Берілген күні Алғаны туралы қолтаңба

| № | Күні | Жүзу ауданы | Кеме үлгісі |
|---|------|-------------|-------------|
|---|------|-------------|-------------|

- 1 Куәлік
- 2 Куәлік
- 3 Куәлік

Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидасына 6-қосымша
Шағын көлемді кемелерді жүргізушілерді
даярлау жөніндегі үлгілік бағдарлама

№

рр Бөлімдер ментарқырыптардың атауы Жүзу аудандарына арналған оқу сағаттарының саны

ТЖ КСІСЖ ІСЖӨ, ІСЖК ТЖ, КСІСЖ

1 2 3 4 5 6

1. Кемелер теориясының негіздері және шағын көлемді кеменің құрылысы

1 Шағын көлемді кемелерді сыныптау және кеме теориясының негіздері. Кемелердің құрылысы.
Корпус 4 4 4 4

2 Шағын көлемді кемелерді пайдалану, олардың теңізде жүру және маневрлік қасиеттері 10 8 4 10

3 Кеме құрылғылары, жүйелер мен жабдықтау. Құтқару, сигнал беру және өртке қарсы құралдар 6 4 4 6

4 Кемелерге қызмет көрсету және оларды жөндеу. Такелаж және бояу жұмыстары 4 2 2 4

2. Кеме қозғалтқыштары мен қозғаушылары, оларды пайдалану.

Шағын көлемді кемелердің электр жабдықтары

5 Шағын көлемді кемелерде қолданылатын іштен жанатын қозғалтқыштардың үлгілері 4 2 2 4

6 Шағын көлемді кемелердің қозғаушылары, жіктелуі мен қағидаттық құрылысы 4 2 2 4

7 Шағын көлемді кемелердің қозғалтқыштары мен қозғаушыларына техникалық қызмет көрсету. Қауіпсіздік шаралары 4 2 2 4

- 8 Желкенді шағын көлемді кемелердің жіктелуі, құрылысы және желкенмен жабдықталуы 4 4 2 4
- 1 2 3 4 5 6
- 9 Желкенді кемеі басқару техникасының негіздері, оған қызмет көрсету және жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету 6 6 4 6
- 10 Шағын көлемді кемелердің электр жабдықтары 6 6 4 6
3. Кеме жүргізу
- 11 Су жолдарының жалпы сипаттамасы және оларға қысқаша шолу 6 6 4 6
- 12 Гидрометеорология негіздері. Ішкі кеме жүретін жолдардың лоциясы 4 4 4 4
- 13 Ішкі су жолдары бойынша жүзу қағидасы 6 12 4 12
- 14 Теңіз навигациясының негіздері және теңіздер лоциясы 14 1 1 14
- 15 Теңіздердің навигациялық жабдық құралдары (НЖҚ) 6 1 1 6
- 16 Кемелердің теңізде соқтығысуын болдырмаудың халықаралық қағидасы 8 1 1 8
- 17 Шағын көлемді кемелерді әртүрлі жағдайларда жүргізу әдістері. Күрделі гидрометеорологиялық жағдайларда басқару ерекшеліктері 4 4 4 4
4. Су қоймаларында жүзу қауіпсіздігін, құқық қорғауды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету
- 18 Суға батушыға алғашқы медициналық көмек көрсету қағидасы мен әдістері 4 4 4 4
- 19 Шағын көлемді кемелерді және олардың тұруына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасы. Кеме жүргізушінің әкімшілік жауапкершілігі 4 4 4 4
- Барлығы 108 77 57 114